

Алматы қ.

№3
ӘДІСТЕМЕЛІК
КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сисенбаева А.Ж.
Әдістемелік кеңес хатшысы: Турсабекова Н.Д.

Өту мерзімі: 05.02.2026ж
Қатысқандар: 27

Қатыспағандар: жоқ

№3 Әдістемелік кеңесінің күн тәртібі

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Биология сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесі. Сабақ барысында виртуалды зертхана қолдану тиімділігі.	Биология пәнінің оқытушысы Мамбетова Ж.М.
2	В рамках формирования эффективного командного духа семинар-тренинг на тему «Ситуационное лидерство»	Арнайы пән оқытушысы Искаков Т.Н.
3	В рамках повышения уровня цифровой грамотности доклад на тему «Использование искусственного интеллекта как средства развития творческого мышления обучающихся на уроках литературы».	Орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Калжанова А.Д.
4	«The Use of Artificial Intelligence in Teaching English as a Foreign Language.» ағылшын тілінде шеберлік сағаты	Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Сисенбаева А.Ж.
5	Әр түрлі	

Тыңдалды:

1. Биология пәнінің оқытушысы Мамбетова Ж.М.биология сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесі туралы баяндама жасады. сабақ барысында виртуалды зертханаларды қолданудың тиімділігіне тоқталып, олардың студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға және теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік

беретінін атап өтті. Сонымен қатар виртуалды зертханалар арқылы күрделі биологиялық процестерді көрнекі түрде көрсетуге, эксперименттерді қауіпсіз жағдайда жүргізуге және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік бар екендігі айтылды.


2. Педагогикалық ұжым арасында тиімді командалық рух қалыптастыру мақсатында «Ситуационное лидерство» тақырыбында арнайы пән оқытушысы Исақов Т.Н. семинар-тренинг өткізді. Тренинг барысында педагогтер көшбасшылықтың әртүрлі стильдерімен танысып, нақты жағдайларға байланысты тиімді басқару тәсілдерін қолдану жолдарын талқылады. Сонымен қатар командалық жұмыс мәдениетін қалыптастыру, өзара қолдау мен ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарастырылды.


3. Орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Калжанова А.Д.: «Использование искусственного интеллекта как средства развития творческого мышления обучающихся на уроках литературы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы әдебиет сабақтарында жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамыту мүмкіндіктерін көрсетті. Атап айтқанда, мәтіндерді талдау, шығармашылық тапсырмалар дайындау, кейіпкерлерді интерпретациялау және эссе жазу барысында жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін қолдану жолдары ұсынылды.

4. Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Сисенбаева А.Ж. «The Use of Artificial Intelligence in Teaching English as a Foreign Language» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағаты барысында ағылшын тілін оқыту процесінде жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәсілдері көрсетілді. Атап айтқанда, тіл үйретуде интерактивті тапсырмалар құру, сөйлеу дағдыларын дамыту, оқу материалдарын дайындау және студенттердің оқу мотивациясын арттыру мақсатында жасанды интеллект платформаларын қолдану мүмкіндіктері таныстырылды.

Шешімі

1. Биология сабақтарында цифрлық ресурстар мен виртуалды зертханаларды қолдану тәжірибесін педагогтер арасында тарату ұсынылсын.
2. Педагогикалық ұжым арасында командалық жұмыс мәдениетін дамытуға бағытталған тренингтерді жүйелі түрде өткізу жалғастырылсын.
3. Әдебиет сабақтарында жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту тәжірибесін енгізу ұсынылсын.
4. Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру педагогтерге ұсынылсын.
5. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту және заманауи білім беру технологияларын қолдану жұмыстары жалғастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Сисенбаева А.Ж.

Әдістемелік кеңес хатшысы:  Турсабекова Н.Д.